***Юрий Гагарин атындағы негізгі мектебінде Бракераж комиссиясы мүшелерінің № 7 отырыс ХАТТАМАСЫ***

Күні: 05.02.2025 жыл

Құлан ауылы
Барлығы: 9
Қатысқаны: 9

Күн тәртібінде:

1. Асхана тазалығы, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу туралы

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Қамқоршылық кеңес төрайымы Примбетова Динара.
Асханада тамақтар қатты ыстық күйінде берілмейді, алдын-ала құйылып жатады, берілген тамақтың сапасы жақсы, нормаға сәйкес.Тағамның дайындалу технологиясы өз дәрежесінде. Дайын өнімдер мен шикі заттар қажетті арнайы орындарда сақтаулы тұрады.Оқушылар сұйық тамақтан гөрі қою тамақтарды жақсы ішеді. Асхана қызметкерлері басына қалпақ киген. Асхана тағамы оқушылардың физиологиялық талабына сай екенін айтты

**СӨЙЛЕДІ:** Комиссия мүшесі: Тәукебаева Назым.

Асханада барлық санитарлық – гигиеналық талаптар сақталған.
Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтуда тамақтануды дұрыс ұйымдастыру, жетілдіру бойынша бақылау жұмыстары жүргізілгенін айтып кетті.

**СӨЙЛЕДІ:** Комиссия мүшесі әлеуметтік педагог Сейтимбетова Бұлбұл мектеп асханасында оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы тексеріліп отырады. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін күнделікті мәзірден сынама жүргізіледі. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, температура өлшегіш құрал мен ас мәзір бұрышы бар.

**ШЕШІМІ:**

1. Асхана жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы, санитарлық талапқа сай болуын қадағалау жұмыстары жүзеге асырылсын.
2. Мектеп оқушыларын сапалы тамақтандыру бойынша тағам өнімдерінің дайындау технологиясының сақталуын қадағалау жұмыстары жалғасын тапсын.

**Комиссия мүшелері:**

Мектеп директорының у.м.а: А.Ә. Сүлеесін
ДТІЖО: Тәукебаева Н.
Қамқоршылық к. төрайымы: Примбетова Д.
Ата-аналар: Сартова А
Мырзагелдиева
Алимкулова Ж
ДШІЖО: Жайлаубаев А.
Медбике: Бекниязова Н.
Әлеуметтік педагог: Сейтимбетова Б.